

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 шілдедегі N 601 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 мамырдағы N 639 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 1434 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.12 № 1434 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңының 6-бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І:**

1. "Аудиторлық қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 шілдедегі N 601 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 24, 282-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Аудиторлық қызметті лицензиялау е р е ж е с і н д е :

11-тармақтың б) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Өзінің мәртебесін растау үшін шетелдік аудиторлық ұйым лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесін не ол резиденті болып табылатын елдің кәсіби ұйымы немесе мемлекеттің құзыретті органы беретін аудиторлық ұйымның мәртебесін растау туралы хаттың түпнұсқасын оның нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге ұсынады. Бұл ретте шетелдік аудиторлық ұйымның мәртебесін растайтын кәсіби ұйым Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі болып табылуы тиіс";

13-тармақта "лицензиаттың" деген сөз "өтініш берушінің" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған, оның ішінде одан айырған жағдайда аудиторлық ұйымдар лицензияның қолданылуын тоқтату, оның ішінде одан айыру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға лицензияны қайтарады.

Лицензиядан айырған кезде мерзім соттың қаулысы заңды күшіне енген

